



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 18/454
06 мая 2016 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ!

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАҒЕРЛЕРІ, ТҰЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!
Бүгінде қазыналы қарт атанған ардагерлеріміздің Ұлы Отан соғысы майдандарында танытқан ерлік пен қайсарлықтарына алғысымыз шексіз. Бұл соғыста жауынгер ағаларымыздың арқасында халқымыздың биік рухы мен қаһармандығы дүние жүзіне мәлім.

Сіздер, халқымызды Ұлы Жеңіске жеткізіп, соғыстан кейінгі тұрмысты көтеріп, көркейтуде де дәл сондай қайсарлық көрсете біліп, елдің әл-ауқатын нығайттыңыздар. Мұндай еңбектеріңізді бүгінгі ұрпақ ешқашан да ұмытпайды!

Отанымызға адал қызмет етіп, қазіргі таңда жас ұрпаққа дамыған елде өмір сүруге және бүгінгідей мемлекет құруға осындағы әрқайсысыларыңыздың қосқан үлестеріңіз мол деп санаймыз. Сондай-ақ, Сіздер бүгінгі күні де жас ұрпақ бойында Отанға деген патриоттық сезім мен туған жерді адал қорғаудың үлгісі болып келесіздер.

Осы орайда біздің парымыз — Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің бізге қалай келгендігін түсіну, қаза тапқандарды қадірлеп, арамызда жүрген ардагерлерге әрдайым қамқорлық көрсету.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, ерлік пен жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Сондықтан сіздердің ерліктеріңіз мәңгі өшпейді дегіміз келеді.

Ұлы Жеңіс үшін, өшпейтін Ерлік үшін көңілден шыққан алғысымызды қабыл алыңыздар.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен береке телейміз! Аспанымыз ашық, Отанымызда бейбітшілік, халықтар арасында достық пен бауырластық жасасын!

Құрметпен;
Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, ТРУЖЕНИКИ ТЫЛА!

Сердечно поздравляем Вас с праздником Великой Победы!
С каждым годом все дальше во времени тот памятный день победной весны 1945 года, и с каждым годом он все ближе нашему сердцу.

Мы низко преклоняемся и отдаем глубокую дань уважения тем, кто героически прошел долгими тернистыми боевыми дорогами, а потом возродил родную землю из пепелища после Великой Победы. Нет таких слов, которыми можно было бы в полной мере передать всю благодарность за Ваш, уважаемые ветераны, бессмертный подвиг в самой жестокой войне, которую когда-либо знало человечество.

Понимаем, что для Вас 9 мая - самая дорогая и великая дата. Как досталась Вам эта Победа - не описать словами, но Ваши сердца хранят всю скорбь тех долгих военных дней. И мы, хоть и родились в мирное время, с детских лет питаем самые нежные и трепетные чувства к этому майскому празднику. Уважаем Вас и преклоняемся перед великим подвигом!

Мы сделаем все, чтобы быть достойными подвига ветеранов Великой Отечественной войны, чтобы в полной мере выполнить свой святой долг перед вами.

Пусть согласие и благополучие будут в каждом доме, ведь вечное стремление народа к миру, свободе, лучшей жизни непобедимо.

От чистого сердца желаем всем благополучия, здоровья и счастливого долголетия!

С праздником Победы!

С уважением,
Акима города
Секретарь городского маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР!

Осыдан 24 жыл бұрын 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды.

7 мамыр — Отан қорғаушылар күні. Еліміз егемендігін алып еңсесін көтеріп өзінің әскери күшін жасақтады. Жаңа қазақстан әскері өзінің төл мерекелерін 7 мамырға белгіледі. Жас мемлекеттің өз қолымен құрған армиясы бүгінде заманауи жарактарымен, кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Азаматтардың бойындағы отансүйгіштік рухы Отан алдындағы борышын өтеуді ең қастерлі міндеттердің біріне айналдырды.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз.

Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар! Жүректіңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын! Қайратты, мақсатты болыңыздар! Еңбекте табыс, тілейміз!

Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасалы. Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұяларыңызға бақыт пен шаттық тілейміз!

Құрметпен;
Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА!

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА И ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ!

24 года тому назад 7 мая 1992 года Президент нашей страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подписал Указ о создании Вооруженных Сил Республики Казахстан, и с тех пор этот день стал всенародным праздником – Днем защитника Отечества.

Это - день памяти тем, кто отстаивал независимость нашей Родины на протяжении всей ее истории. В то же время мы чествуем и тех, кто сегодня несет службу в воинских подразделениях.

Благодаря постоянной заботе Главы государства, как Верховного главнокомандующего, Вооруженные Силы страны стали все надежнее и прочнее. Из года в год повышается их боеспособность, они обеспечиваются современным вооружением и техникой, пополняются высокообразованными специалистами. Служба в армии стала настоящей школой мужества и патриотизма для сотен тысяч молодых людей.

Уважаемые военнослужащие, сердечно поздравляем вас с замечательным праздником мужества и стойкости – Днем защитника Отечества!

Желаем вам и вашим близким здоровья, счастья и благополучия!

С уважением,
Акима города
Секретарь городского маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

МЫ ГОРДИМСЯ ВАМИ, ВЕТЕРАНЫ!

71 год прошел со Дня Великой Победы над фашистами, но время не властно над памятью людей разных поколений. Наш народ помнит грозные годы войны, чтит память павших, кланяется живым. Победа – это страница истории, которой мы гордимся, которую мы помним.

Год за годом уходят наши ветераны – фронтовики и труженики тыла, добывшие своим тяжелым подвигом мирное будущее для своих детей, внуков и правнуков, для всех нас. Разве можно представить, что однажды День Победы нам придется отмечать без их присутствия? Они сумели не только отстоять для нас свободу и мир. Они свято и трепетно берегли и передавали новым поколениям память о страшной войне, народном горе и великой радости от победы над врагом. И сегодня, когда ветеранов войны становится все меньше, уже каждый из нас лично несет ответственность за сохранение этой памяти. Уже сейчас в Приозерске осталось всего четыре ветерана Великой Отечественной войны, чье детство и юность украсила война. И мы еще можем выразить им свою благодарность, а они еще могут поделиться с нами своими воспоминаниями.

Годы берут свое, время неумолимо старит всех, невзирая на заслуги. Самому старшему фронтовику, проживающему в Приозерске, в этом году исполнилось 97 лет. Георгий Иванович Удилов участвовал в войне с 1941 года до Дня Победы, кавалер ордена Великой Отечественной войны 2-степени; имеющий множество медалей, заслуг и благодарностей. Георгий Иванович родился 23 февраля 1919 года в селе Лемсинск Андреевского района Талдыкорганской области. За два года до начала войны, он был призван в армию и с первых

дней был направлен на фронт в артиллерийский полк. Воевал на 1-Северо-западном фронте, на Орловско-Курской дуге и на 2-Белорусском фронте. Был артиллеристом, минометчиком, заряжающим 2-ым номером. Освобождал города Бобруйск, Белосток, Орел, Волхованск, Старая Русса Ленинградской области. В 1945 году был ранен. После лечения в госпитале снова вернулся в 1-Северо-западный фронт, где и дошел до победного дня. Прослужив в армии 7 лет, был демобилизован 11 мая 1946 года. После войны Георгий Иванович работал бригадиром в молочной ферме, затем уехал в Узбекистан, там работал кондуктором на грузовых поездах. Весной 1956 года вернулся в Кордайский район Жамбылской области. Много лет проработал водителем. В 1980 году вышел на пенсию. В Приозерске ветеран проживает с 2000 года.

Также один из немногих ветеранов войны, кому посчастливилось встретить юбилейные даты празднования Дня Великой Победы в нашем городе Морозов Иван Павлович, которому в этом году исполняется 91 год. Иван Павлович родился 21 октября 1925 года в селе Благовещенск Кордайского района Жамбылской области. В 1942 году после окончания средней школы, совсем в юном возрасте 17 лет, был призван на фронт. Принимал участие в боях в составе 335-го отдельного батальона 156-го запасного полка Дальневосточного фронта. Сергей Морозов был командиром пулеметного расчета, воинская специальность – пулеметчик станкового пулемета «Максим». С августа по сентябрь 1945 года участвовал в Японской войне, участвовал в боях в Манчжурии и Корее. После войны служил в армии, принимал участие в восстановлении народного хозяйства. Вернулся он на родину только в

1948 году. За проявленную храбрость, стойкость и мужество в той страшной войне, Иван Павлович награжден орденом Отечественной войны 2-степени; юбилейными медалями, медалями «Маршал Советского Союза Жуков Г.К.» и «10 лет Астаны», а также многочисленными грамотами и ценными подарками МО и местных исполнительных органов. Ветеран несмотря на свой преклонный возраст принимает активное участие в военно-патриотическом воспитании молодежи города.

В канун Дня Победы особенно трогательны старенькие женщины-фронтовики, со слезами на глазах прижимающие цветы к военной форме с медалями и орденами. Одна из таких Участница Великой Отечественной войны рядовая Валентина Михайловна Алексеева. Родилась она 31 января 1923 года в городе Ленинград. В годы войны работала медсестрой. С февраля 1945 работала медсестрой в лагере военнопленных при НКВД. Немало жизней спасла Валентина Михайловна в то страшное время. После окончания войны она продолжила верно служить своему делу. С марта 1956 года по апрель 1986 года работала медсестрой в в/ч 34402, дислоцированной в городе Приозерск, откуда и вышла на заслуженный отдых. Также была награждена орденами ВОВ 2-степени, Жукова, четвертой юбилейной медалью за освобождение Украинского фронта, и юбилейными медалями.

Особую честь хочется отдать Аймереке Бекболатовне Кубеевой. Таких женщин немного, их единицы. Но они по праву являются легендами и сочетают в себе, казалось бы, совершенно противоположное — мужественность и женственность.

Будучи совсем юной девушкой она добро-

вольцем отправилась на войну, где отчаянно сражалась за победу до последнего конца. Аймереке Бекболатовна в составе действующей армии участвовала в Сталинградской битве, где была разведчицей в разведроту. Стоит отметить, что воевала она в одном ряду вместе с Героем Советского Союза Алией Молдагуловой. Во время войны девушка была 3 раза ранена. Но не смотря ни на что, она продолжала защищать свою Родину. Так, вместе со своими товарищами она участвовала в операции «Эдельвейс» на Кавказе, освобождала Киев, Ростов-на-Дону, Константинополь, Воронеж и Восточную Пруссию в составе кавалерийского полка. После окончания войны в 1945 году она была демобилизована. За боевые заслуги А. Кубеева была награждена различными орденами и медалями. Как говорят близкие про Аймереке Бекболатовну, в ней есть все - глубокий ум, твердость духа, искренность, доброта и материнская любовь, которой она всегда готова поделиться не только с родными, но и окружающими. Стоит отметить, что 27 мая Аймереке Бекболатовне исполнится 89 лет. Дорогие ветераны города Приозерск, Мы гордимся, преклоняемся перед Вашим героизмом и отвагой. Выражаем огромную благодарность за беспримерный подвиг в Великой Отечественной войне, за нашу свободу и независимость, за добросовестный труд в мирное время. С чувством глубокой признательности желаем Вам крепкого здоровья, добра, счастья и благополучия!

А.Ходжер,
специалист ГУ «Отдел внутренней политики,
культуры и развития языков г.Приозерск»

ПРЕЗИДЕНТ РК ОБЪЯВИЛ МОРАТОРИЙ ДО 2017 ГОДА НА РЯД НОРМ ЗЕМЕЛЬНОГО КОДЕКСА, ВЫЗВАВШИХ ОБЩЕСТВЕННЫЙ РЕЗОНАНС

АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Под председательством Главы государства Нурсултана Назарбаева прошло совещание по актуальным вопросам текущей повестки дня, сообщает пресс-служба Акорды.

В совещании приняли участие председатель Мажилиса Бактыжожа Измухамбетов, спикер Сената Касым-Жомарт Токаев, Премьер-Министр РК Карим Масимов, руководитель Администрации Президента Нурлан Нигматулин, члены Правительства и руководители государственных органов. Глава государства в своем выступлении затронул ключевые направления развития страны, включая земельную реформу, дал оценку деятельности Правительства и принял ряд соответствующих решений. Нурсултан Назарбаев отметил, что реализуемые в стране Пять институциональных реформ представляют собой комплексный антикризисный план.

Глава государства подчеркнул, что в сфере сельского хозяйства страны занято 2 млн 300 тыс человек.

-В то же время производительность труда в данной отрасли остается на низком уровне. Отечественные фермеры с одного гектара земли получают, в среднем, продукции на 400 долларов. Этот же показатель в США составляет 1,5 тыс долларов, в Германии - 2800, во Франции - 3200. Сельское хозяйство нуждается в инвестициях в новую технику, удобрения, складские помещения, новые технологии, орошающие системы, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства обратил внимание, что в странах мира создают максимально благоприятные условия для привлечения иностранных инвесторов.

-В мировой практике для того, чтобы вложенные в сельское хозяйство средства оправдали себя, необходимо 10-15 лет. В Казахстане достаточно долгое время действует закон о 10-летней аренде земель сельскохозяйственного назначения, в том числе иностранцами. Однако с тех пор эта сфера не получила каких-либо ощутимых инвестиций. Иностранцы работают только на 65 тысячах гектар, то есть 0,06% арендованных земель, при этом обеспечив на них высокую производительность. Во всем мире долгосрочная аренда земли - способ привлечения инвестиций. Такие страны, как Бельгия, Германия, Греция, Нидерланды не ставят каких-либо ограничений в вопросах собственности или аренды земли иностранными инвесторами. Во Франции самый долгий срок



аренды земельных ресурсов для иностранных инвесторов составляет 99 лет. Во время подготовки норм Земельного кодекса данный опыт, конечно же, был учтен. Но в то же время в нем вопрос о продаже земли иностранным гражданам не стоял и не стоит, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев отметил, что до соответствующих адресных групп не была доведена суть нововведений.

«Надо было донести до населения непонимающего, что ни о какой продаже земли нашей сельскохозяйственной речи не идет. Поэтому здесь была спекуляция полная. То есть до соответствующих адресных групп мы не довели эту суть. Однако механизмы и нормы принятого закона не были обсуждены с привлечением общественности и тревоги, и заботы людей во многом оправданы. Если наши люди, казахстанцы не понимают, не доверяют принятым решениям, значит не правильно. Мы же для людей это все делаем, то есть в обществе появились сомнения по поводу ряда законодательных норм по этому вопросу», - сказал Глава государства.

«Поэтому, я сегодня принимаю решение: ввести мораторий до следующего года на некоторые нормы Земельного кодекса, которые вызвали общественный резонанс. Если точно сказать, введенные в прошлом году четыре нормы. Сначала надо изучить этот вопрос, разъяснить

народу, обсудить и найти единое решение с Парламентом и лишь потом будет сниматься мораторий. Если это будет сделано — то снимем мораторий, если нет — то не снимем», - заявил Президент.

Мы не нуждаемся в законах, которые не нравятся народу. При этом следует объяснить, что в случае сохранения моратория состояние сельского хозяйства может ухудшиться. Также поручаю создать при Правительстве Комиссию под руководством первого заместителя Премьер-Министра Б.Сагентаева. Она должна вовлечь все заинтересованные органы и общественные объединения. Следует широко обсудить вызвавшие резонанс положения, выработать общую позицию и передать Парламенту. Поручаю партии «Нур Отан» на площадке коалиции демократических сил провести широкую разъяснительную работу. В этом должны участвовать все партии, общественные объединения и средства массовой информации. Надеюсь на активное участие в разъяснительной работе Правительства и депутатов обеих палат Парламента, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Также Глава государства затронул вопрос информационной политики.

-Сегодня данные функции находятся в непрофильном министерстве. В Правительстве никто не координирует эту отрасль, не контролирует средства, которые государство выделяет

на информационную работу. Поэтому для преодоления текущих информационных вызовов, эффективного сопровождения Пяти реформ поручаю создать уполномоченный государственный орган - министерство информации и коммуникаций, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев предложил возложить на данное ведомство следующие ключевые задачи: мониторинг информационного пространства любых форм собственности, включая интернет-ресурсы и социальные сети, с целью оперативного выявления и реагирования на наиболее острые проблемы; изучение общественного мнения по наиболее актуальным темам и вопросам, анализ и прогноз информационных запросов и ожиданий населения; выработка государственной информационной политики; координация и контроль информационной деятельности и активности всех государственных органов; планирование и анализ эффективности государственного информационного заказа и средств, выделенных государством; привлечение инвестиций и инноваций для развития отечественных СМИ как современного сегмента экономики; повышение качества отечественных информационных продуктов для обеспечения информационной безопасности, как в электронном, так и печатном пространстве; выстраивание максимально действенной модели кризисных коммуникаций; обеспечение каналов взаимодействия с населением, включая НПО.

Президент Казахстана остановился также на других ключевых вопросах развития страны. В завершение Президент Казахстана обратил внимание, что мировой кризис оказал влияние на развитие и нашей страны.

-Мы знаем, что есть много людей, которые от него пострадали, потеряв работу или часть доходов. Такие люди есть в любом обществе. Хочу предупредить всех казахстанцев - быть бдительными, не позволить расшатать нашу стабильность и уважение друг к другу. Со своей стороны, хочу сказать, что мы никому не дадим воспользоваться кризисом, для того чтобы подорвать мир и стабильность в нашем общем доме. Каждый, кто будет нарушать правопорядок, ответит по всей строгости закона. Укрепление спокойствия в обществе - дело каждого гражданина, всех общественных организаций, всех казахстанцев, - сказал Глава государства.

источник: <http://www.akorda.kz/>

ЖЕР КОДЕКСІНІҢ НОРМАЛАРЫН ЕНГІЗУГЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МОРАТОРИЙ ТУРАЛЫ ШІКІРЛЕР

Кеше Астанада өткен үлкен жиында Елбасы Нурсултан Назарбаев кейінгі уақытта халық арасында үлкен дау туғызған «жер мәселесі» туралы былай деген болатын: «Мен бүгін шешім қабылдаймын. Жер кодексінің қоғамдық резонанс туғызған бірқатар нормалары, нақты айтқанда былтырғы енгізілген 4 норманы күшіне енгізуге ендігі жылға дейін мораторий жариялаймын. Алдымен егжей-тегжейін қарап, халыққа түсіндіріп, Парламентпен бірге шешіп, келісімге келетін болсаңдар, мораторийді аламыз, болмаса, түсірмейміз». Ия, «Елінің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жал-

ғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа» - деп Елбасымыз айтпақшы қазақ халқы - тамырын жеті қабап жер астына жіберген алып бәйтеректей өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Халықтың тыныштығын ойлаған, елі үшін жаралған Елбасының көрегендігіне тағы да куә болып отырмыз. Біз әрқашанда мемлекет басшысын қолдаймыз. Жер деген — әркімнің туған анасы тәрізді нәрсе. Оны сүйсең, сырын білсең,

ол саған бәрін береді. Жер — ана тәрізді, жыла-масаң, еңбек етіп тер төкпесең, ештеңе бермейді. Жер еңбек сүйеді. Еңбек оны түрлендіреді.

П. Кенжебекова,
«Ата мұра» ұлттық мәдени бірлестігінің
торайымы

Бірнеше күннен бері қоғамда біраз тынышсыздық туғызған жерді пайдалану туралы ҚР-ның Жер Кодексіне енгізілген өзгерістердің күшіне енгізілуіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев кеше үкімет отырысында нүкте қойған сияқты. Себебі Жер кодексіне қа-

тысты заңды көпшілік түсінбей қоғамда дау туғызды. Сондықтан халықты түсінген елбасы бұл заңға бір жылға мораторий жариялады.

Бұдан әрі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп барып, егер дұрыс деп табылса, бұл заң қабылданып тиіс екен. Сөйтіп халқының жағдайы мен тыныштығын ойлаған ел президенті өте дұрыс шешім қабылдады деп ойлаймыз. Елбасы өзінің халықпен бірге екендігін, оның пікірімен әрқашан санасатындығын білдірді.

А.Бекетов,
Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА ***

Қарағанды облысында жер мәселелері бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін облыстық Call-орталық жұмыс атқарады. Облыс азаматтары мына телефон номерлеріне: (7212) 56-89-59, 56-88-90 сұрақтарын қоя алады.

В Карагандинской области действует областной круглосуточный Call-центр по земельным вопросам. Граждане области могут задавать свои вопросы, по телефонам: (7212) 56-89-59 и 56-88-90.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ҚР жер заңнамасын түсіндіру бойынша Приозерск қаласында сенім телефоны (колл-центр) жұмыс істейді. Тәулік бойы сұрақтар мен анықтамалар бойынша 8 (71039) 5-32-48 телефонына хабарласыңыздар.

В городе Приозерск действует телефон горячей линии (колл-центр) по разъяснению земельного законодательства РК. По возникшим вопросам вы можете обращаться круглосуточно по тел. 8 (71039) 5-32-48.

ВСТРЕЧИ В КОЛЛЕКТИВАХ ОРГАНИЗАЦИЙ ГОРОДА ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ ПОРЯДКА ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕГАЛИЗАЦИИ

В рамках исполнения Плана по активизации работы по легализации имущества, комиссией по легализации имущества, находящегося на территории города Приозерск, продолжается информационно-разъяснительная работа среди населения города об основных положениях легализации.

Так, 27 апреля текущего года были проведены семинары с коллективами городских государственных учреждений.

В ходе семинаров даны разъяснения о порядке проведения легализации с учетом внесенных изменений в законодательство РК о легализации имущества, розданы па-

мятки, членами комиссии даны ответы на все интересующие вопросы. Общий охват — свыше 50 человек.

Орақбаева С.Ш.,
руководитель государственного
правового отдела аппарата
акима города



Легализация

ЖЕҢІС – ЖЕҢІЛ КЕЛМЕГЕН

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Адам баласының басына келетін, адамның қолымен жасалатын зұлмат! Барды жоқ етеді, тауды жер етеді. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жүтатын тажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Ұрпақтар осы мағлұматтар арқылы бабаларының ерлік істерінен, ғибратты әңгімелерінен, өнегелі өмірлерінен үлгі-өнеге алып өседі. Өмір барда, бұл үрдіс тоқталмақ емес.

Иә, содан бері 70 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ, оны ұмыту мүмкін емес. Ұлы Отан соғысы... Екінші дүниежүзілік соғыс... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалағанын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Дүйім жұрт оларды мақтан етіп мадақтап қуаныштарына ортақтасады.

Немене жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, - деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдиреп тұр. Қариялар азайып бара жатқаны, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оранған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап кеміп бара жатқаны жасыратын сыр емес. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға тапталмай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл Ұлы мереке!.. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оранған ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің өздері қорғап, қорған, қамқор болып оранған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол

– өмір заны, өмір шындығы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қаптарлары парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне, сол кездегі теңдессіз техникасы мен ұшақтарына төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс.

1941-жылғы 22-маусымның таңында басталған, төрт жыл, 1418 күн мен түнге жалғасқан майдан хабары қызылқұмның төрінде жатқан біздің Тамды жұртына да жай оғындай болып жеткен. Қанша қиын, қандай қаралы хабар болса да, бұл – жалпы адамзаттың басына тосаттан келген зауал шақ болатын. Соғыс хабары жеткен күннен бастап-ақ әскерге адам жинау науқаны басталып кеткен. 18 бен 40 жас аралығындағы азаматтарды жедел тізімге алып, майданға аттандыру жұмысы шұғыл жүргізілгені соншалықты, ел-жұрт естерін

де жия алмай қалған. Алғашқы дүрмекпен Тамды ауданынан 500 адам аттандырылған. Бұл оқиға ел ішінде «500 бала аттанғанда...» болып, әлі күнге дейін жұрттың аузында жүргені, соғыстың тыныш жатқан елге қаншалықты ауыр соққанын білдірсе керек. Ата-ана баласынан, әйел жарынан, балалар әкесінен айрылған күн қарғыстан жаман әсер еткен еді. Қай жерден болса да, алғаш аттанғандардың дерлік барлығы қолына қару ұстамаған жандар болатын. Оларды тым тез жаттықтырып, тіпті жаттықтырмай-ақ майданға салғанын сол қасап қырғыннан ажалының жоғынан аман оранған қариялардан естідік. Сондағы аттанғандардың 90 пайызының сүйегі майдан даласында қалды. Солардың бірі менің атам, әкемнің үлкен ағасы Бекмырза еді. Сол кезде жасы жиырмадан енді асқан, әлі үйленбеген ағамыз 500 баланың ішінде соғысқа аттаныпты. Бекмырза ағамыздың соғысқа кеткені жайлы бізге әкеміз ешқашан айтқан емес еді. Соғыста қаза тапқан ағамыз барын ешкім айтпаған.

8-сыныпта оқып жүргенде аудан орталығындағы майданда қаза болғандардың құрметіне қойылған ескерткіш тақтадағы тізімге көз салып, бізбен тегі бір Бекмырза атты кісінің есімін көзім шалғаны бар. Қарап тұрып, өз көзіме өзім сенбей, таң қалдым. «Бұл адам біздің туысымыз болса, әкем неге айтпаған?!», - деген ой мазалады да жүрді. Ауылға демалысқа келгенде ғана әкемнен осы жайлы сұрадым. «Ей, балам-ай, көптен бірге сол сұрапылға бір қыршын кеткен ғой бізден де. Өлігінің қайда қалғанын да білмейміз. Сендердің жандарыңды ауыртып қайтемің деп, айтқаным жоқ еді...» - деді әкем. Кейін ағамыздың 1943-жылы Сталинград майданында ерлікпен қаза тауып, сондағы бауырластар зиратына жерленгенін аудандық комиссариаттан сұрастырып білдім. Осы секілді қаншама адамның қайда қаза тапқанын білмей жүргендердің қанша екенін бір құдай білсін. Ол заманда «Отан үшін, Сталин үшін!..»-деген бір ғана ұран болған жауынгерлердің де, халықтың да аузында. Бүкіл кеңес халқы: «Тек жеңіс үшін!..»- деген сеніммен, үмітпен, ауызбірлікпен әрекет еткен. Міне, соның арқасында қиындықты да, жауды да жеңген.



– Соғыс басталғанда мен 11 жаста едім, – деп еске алатын әкем. – Ол кезде еркек пе, әйел ме, шал ма, бала ма... ешкім еңбектен, қара жұмыстан тыс қалған жоқ. Кейде шамаң келмейтін жұмысқа жегілетіңсің. Отан қарап жатқан ешкім жоқ. Шамаң келсе де, келмесе де, тапсырылған жұмысты атқаруға міндеттісің. Соның арқасында біз балалық шақтың ойыны мен қызығын көрмей өстік. Ерте есейдік. Ата-анамыз қой бақты. Біз де солардың бір жағында жүрдік. Қауға тартса, шарық түйеге міндік. Қора-қопсы салысып, жөндесіп, отын жинадық. Көктемде тасбақа жинапқызып, етін майданға жөнелтетін. Ауылдың, шаруашылықтың барлық жұмысын қарттар, әйелдер мен балалар атқарды. Оқу жайына қалған... Міне, халықтың осындай жанқиярлығына арқасында Жеңіске қол жетті. Қазіргі жастарға бұны айтсаң, ертегі айтқандай көреді.

Иә, арадан 71 жыл өтсе де, соғыстың салған жарақаты мен зардабы ұмытылған жоқ, ұмытылмайды да. Майдан даласынан орамал қалған аталарымыздың есімін еске алып, әруақтарына құран бағыштап тұру, біз – ұрпақтарының адамдық нәм азаматтық борышымыз болмақ. Миллиондаған адамның жанын мезгілсіз қиған соғыстағы Ұлы Жеңіс мерекесі баршамызға құтты болсын!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

КІТАПХАНА ТҮНІ - 2016

2016 жылдың 29 мамыр күні кешке қарай қалалық кітапхана ғимаратының ауласына халық көп жиналған. Аулаға кітап көрмелері қойылып, «кітаптың жан азығы екенін» паш еткен фото-суреттер мен көрнекі құралдар ілінген. Мерекеге сай



безендірілген кітапхана ғимаратында әсем әуен ырғағы естіліп тұр. Бұл «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2-ші жыл қатарынан өткізгелі отырған



«Кітапхана түні - 2016» деп аталатын акциясы еді. «Кітапхана түні» мәдени – әлеуметтік акциясы өз алдына қала жұртшылығын кітап құмарлыққа баулу, кітап оқуды дәріптеу, қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне атсалысу, кітапхана мен қоғамның арасындағы байланысты нығайтуды мақсат етіп қойған. Кеш барысында кітапхана алаңында «Кітапхана түнінің» ашылу салтанатында №1 мектеп оқушыларының орындауындағы «Қарғаның мұңы» деп аталатын ертегі қойылымы көрермен назарына ұсынылды.



Одан кейін оқырмандардың арасында ақын-жаңбыр ұл-қыздарымыздың құрылған көркемөз шеберлерінің «Жас толқын» жас ақындар клубының мүшелері мен оқырмандарға қызмет ету бөлімі жанынан құрылған зейнеткерлер мен ардагерлердің «Сырласу» клубының мүшелері өздері

нің кітап жайлы ой-пікірлерін ортаға салып, кешке жиналған қауымға өздерінің ән – шашуларын тарту етті.

«Кітапхана түніне» жиналған оқырмандар кітапхананың түнгі әлеміне саяхаттау барысында биылғы жылы аталып өтетін үлкен қоғамдық-саяси мәні бар «Желтоқсан оқиғасына 30 жыл», «ҚР

Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Қарағанды облысына 80 жыл» және «Приозерск қаласына 60 жыл» мерейтойларына арналып, кітапхананың әр бөлімі өз алдына жеке ұйымдастырған кітап көрмелерін аралап, өздеріне қажетті ақпараттарды алып жатты. Қолөнер көрмесінде тозығы жеткен кітаптардан журнал оқып отырған адам бейнесі және табиғатқа байланысты қолдан әр түрлі бейнелер жасалынып, көрермендер назарына ұсынылған. Міне осындай атаулы мерекелердің тоғысқан жылында оқырмандарға қызмет ету бөлімінде зейнеткерлер мен ардагерлерден құрылған «Сырласу» клубына 1 жыл және қазақ халқының



салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттайтын «Атамұра» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына да 5 жыл толып отыр.

Кеш барысында қонақжай халқымыздың дәртүрімен мерекелік дастархан жайылып, қонақтарға тәтті – дәмділер ұсынылды. Кештің соңында отты әуе шарын ұшыру кітапхананың ең белсенді оқырманына тапсырылды. Кеш соңындағы концерттік бағдарламаға жиналған қауым белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетіп жатты. Кештің жоғары деңгейде ұйымдастырылуының арқасында кітапхана оқырмандарының қатары жаңа оқырмандармен толықты деген ойдамыз.

Б. Алшыбекұлы

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ КӨҢІЛДІ ӨТТІ

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін тойлауға арналған мерекелік концертке ауарайының қолайсызданып тұрғанына қарамастан, қала тұрғындары мен жастары көптеп жиналды. Кешкі сағат 18.00-де мерекелік алаңның толып кетуі осының айғағы. Жүргізушілердің қала тұрғындарын құттықтаған жалынды сөздерінен, өлең-жырмен өрнектеген арнауларынан соң көпшілікке қаламыздың өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды.

Алғашқы болып сахнаға шыққан «Вдохновение» би тобының орындауындағы «Венер дружба» биі көрермендердің көңілінен бір серпілтіп тастаған еді. «Алға, Қазақстан» әнін өзінің әдемі даусымен елге танылып қалған Аяжан Мейірман орындады. Мұхтарият Ділназ «Қазақ елі осындай» әнімен сахнаға шықты. «EV-dance» тобының «Анджиган полькасы» биіне жиылған жұрт қосы-



Қаламыздағы халықтың бірлігі мерекесі

ла билеп тұрды. Қаланың танымал әншісі Гүлжихан Урсарова «Күс жолы» және «Луна-луна» әндерін тарту етті. Ирина Спивактың шырқаған «Ты только мой», Лилия Ханинаның «Я любила», Жаная Уракованың «Көбелектер» және «Бақыт құшағында», Марина Савицкаяның «Ключики», Анастасия Савчуктың «Розовый туман», Жармахан Бабышевтің «Бағала», Әсет Жалдасбаевтың «О любви», Мұхтарият Ділназдың «Мерекем» әндері мен бишілердің орындауындағы жалынды, көңілді билері мерекелік көңіл-күйді көтеруге сеп болды. Концерттік бағдарлама соңы жастардың би кешіне ұласып, Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінен қала жұртшылығы жайдары көңіл-күймен тарқасты.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ



ДОС БОЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ

2016 жылдың 28 сәуірі күні «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК-ның І кіші «Еркегәй» тобы мен ІІ сәбилер «Құлыншақ» тобы және ортаңғы «Достық» тобы және ересек «Айгөлек» топтары арасында 1-Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай ертеңгіліктер өткізілді. Ертеңгіліктің басты мақсаты бүлдіршіндерге Қазақстан Республикасының әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру, оларды басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын



сыйлауға үйрету және қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Айтулы мерекеге орай ұйымдастырылған «Дос болайық бәріміз!» атты ертеңгілігімізді кішкентай бүлдіршіндеріміз еліміздің Ән ұранымен ашты. Мерекеге сай елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың ұлттық киімдерін киіп келген кішкентай балақайлар ән салып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, балғын балаларымыз бал тілдерімен халқымызға деген құрметпен өз жүректен шыққан мерекелік тақпақтарын мәнгерлер оқып берді. Балалар өзбектің ұлттық ойыны «Тақия алмақ», қазақтың ұлттық ойынын «Арқан тартуды» ойнап, мәз болып жатты. Сондай-ақ, бүлдіршіндер түрлі ұлт өкілдерінің биін билеп мерекенің көркін келтірді. Атап айта-



тын болсақ қазақтың «Қара жорға», өзбектің «Таманози», орыс халқының «Калинка» және үнді мен кәріс би-лерін билеп, ертеңгілігіміздің сәнін келтіре түсті.

Бала бақшамыздағы тәрбиеленушілердің ата-аналары Достық мерекесіне орай әр ұлттың тағамдарын дайындап әкеліп, мерекелік көрме ұйымдастырды. Қазақтың кең дастарханына әр түрлі тағам толып, берекеміздің куәсі болғандай әсер қалдырды. «Бірлік бар жерде тірлік бар» - дейді дана халқымыз. Әр бір тәрбиеші бүгінгі жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді және басқа ұлт өкілдерімен тату-тәтті өмір сүруді сіңіре білсе, бұл біздің мақтанышымыз. Қазақ тілін - ана тілім, қазақ жерін - туған жерім деп жан тәнімен сүйетін ұрпақ ер жеткенде Отанының нағыз патриоты болатынына сеніміміз мол. Ертеңгілікке қатысқан жас бүлдіршіндер де өз елінің жанашыры болуға лайық екендерін көрсетіп жатты. Мерекелік іс-шарамызға өз қолдауларын көрсетіп келген ата-аналар да өз балаларының өнеріне тәнті болып, бір маркайып қалды деген ойдамыз.



К.Т.Эшнарзова, «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК-нің тәрбиешісі



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VI – шы шақырылымының кезектен тыс II – ші сессиясы 2016 жылдың 11 мамырында сағат 15.00 – де өтеді.

Сессия күн тәртібінде:

Приозерск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсанындағы № 47/357 «2016-2018 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия төрағасы

Д.Дюсембаев

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внеочередная II- ая сессия городского маслихата VI- го созыва проводится 11 мая 2016 года в 15.00 часов.

В повестке дня:

О внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 22 декабря 2015 года № 47/357 «О городском бюджете на 2016-2018 годы».

Председатель сессии

Д.Дюсембаев

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ

Қазақстанда кәсіпкерліктің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ал, бизнестің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсетілуі керек. Осыған байланысты бизнес бастаманы қолдау және жеке бизнесті дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан әр түрлі бағдарламалар іске асуда. Оның ішінде "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында іске асыруда.

2015 жылы Приозерск қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында 2 жоба несиелендіріп және «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының бірінші бағыты аясында жүзеге асыру үшін облыстық Үйлестіру кеңесінің қарастыруында «Қайсар» ЖШС-гі қолдау тауып:

1) «Жанар – жағар май сақтау қоймасын кеңейтуге» - құрылғылар сатып алу бойынша инвестициялық жобасын бағдарламаның бірінші бағыты «Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау» аясында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және мүлкіктік кепілдік беру бойынша несиелендірілді.

2) «Жанар – жағар май өткізу қызметін ұлғайту» - мақсатында айналым қаржысын көбейту бойынша инвестициялық жобасын бағдарламаның бірінші бағыты «Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау» аясында

сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша несиелендірілді.

Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында 2015 жылдың тамыз айында грант алуға үміткерлер қаламыздың 8 кәсіпкерінің бизнес жоспарлары және құжаттары Қарағанды облысы кәсіпкерлік басқармасына жолданды. 2015 жылы қазан айындағы Қарағанды облысы Үйлестіру кеңесінің қарастыру нәтижесіне сәйкес «НИКА-757» ЖШС-нің автокөліктерге техникалық қызмет көрсету орталығы инвестициялық жобасы қолдау тапты.

2015 жылы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру бойынша қала кәсіпкерлерімен 3 кездесу өткізілді. Кездесуге «Даму» кәсіпкерлікті қолдау» акционерлік қоғамының өкілі қатысып «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының төртінші бағыты «Бизнес кеңесші» аясында 3 жедел оқыту курстарын өткізді. Жедел курстарға қаламыздың 57 тұлғаушысы қатысып сертификат алды.

Сонымен қатар статистикаға сүйенер болсақ, 2015 жылы Қазақстанда 1,5 млн. дана ШОБ-с субъектілерінің бар екендігі белгілі болды. Ұлттық қордан кәсіпкерлерді қолдауға Нұрлыжол бағдарламасының аясында 200 млрд. теңге бөлінді. Оның 100 млрд-ы биыл, келесі жартысы 2016 жылы игерілетін болады.

Қорыта айтқанда, шағын және орта бизнес ел тұрақтылығының тығыны, ондағы саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайдың орнықтылығының тірегі ретінде атап көрсетуге болады.

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ

Здоровый образ жизни

АРТЕРИАЛЬНАЯ ГИПЕРТОНИЯ, ПРОФИЛАКТИКА

У взрослого человека нормальным считается артериальное давление 120/80 мм.рт.ст. Артериальное давление считается повышенным, если оно равно и выше 140/90 мм.рт.ст.

При гипертонии повреждаются сосуды мозга, сердца, почек, глаз.

Повышенное артериальное давление увеличивает риск инфаркта и инсульта, которые могут привести к ранней смерти. **80% прежде-временных инфарктов и инсультов можно предупредить!**

Основные меры профилактики:

• **Правильный рацион питания:** Для поддержания оптимального артериального давления огромное значение имеет сбалансированный рацион питания, включающий большое количество фруктов и овощей, богатых солями калия, блюда из цельного зерна, нежирное мясо, рыбу и бобовые с ограничением потребления соли и сахара.

• **Регулярная физическая активность:** Для поддержания оптимального артериального давления необходимо регулярно выполнять физические упражнения, ежедневная ходьба пешком не менее 30 минут, физическая активность в течение одного часа несколько раз в неделю способствует поддержанию здорового веса.

• **Отказ от табакокурения:** Все табачные изделия вредны для здоровья. Опасно также пассивное курение. Риск развития инфаркта или инсульта начинает снижаться сразу же после прекращения употребления табачных изделий, а через год может снизиться на 50%.

Для того, чтобы контролировать риск развития сердечно-сосудистых заболеваний, необходимо:

• **Знать свое артериальное давление:** Высокое артериальное давление обычно не сопровождается какими-либо симптомами, но может привести к внезапному инсульту



или инфаркту. **ПРОВЕРЯЙТЕ СВОЁ АРТЕРИАЛЬНОЕ ДАВЛЕНИЕ!**

• **Знать уровень сахара в крови:** Повышенное содержание глюкозы в крови (диабет) повышает риск развития инфарктов и инсультов. Если у вас диабет, очень важно контролировать ваше артериальное давление и уровень сахара в крови для минимизации этого риска.

• **Знать уровень холестерина в крови:** Повышенное содержание холестерина в крови повышает риск развития инфарктов и инсультов. Необходимо контролировать уровень холестерина в крови с помощью здорового питания и, при необходимости, лекарственных препаратов, назначенных врачом.

Не стоит игнорировать ежегодные диспансеризации (профилактические осмотры, СКРИНИНГ), очень многие люди узнают о том, что у них гипертоническая болезнь, во время таких обследований.

Болезнь легче предупредить, чем лечить! Ваше здоровье в ваших руках!

А.К.Кутжанова, врач ЗОЖ КГП «ЦБ г Приозерск»

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 18/454 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.